**Бюджеттік ұйымдарға Қазақстанның ААҚ (Ашық Акционерлік Қоғам) Халықтық Жинақ банкісі арқылы қолма-қол ақшаларды берудің уақытша тәртібі (салымдар мен стипендиялар бойынша бет шоттарына есептелетін еңбекақылардан басқалары)**

***Күшін жойған***

Бұйрық Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылғы 31 қазандағы N 379 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 3 қарашада тіркелді. Тіркеу N 412. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі 2000 жылғы 17 қараша N 488 бұйрығымен. ~V001333

Ескерту. Бүкіл мәтіні бойынша Банктің атауынан "Акционерлік" деген сөз алынып тасталды және ұйымдық-құқықтық нысан - ААҚ (Ашық Акционерлік Қоғам) көрсетілді - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998.07.15. N 325 V980623_ бұйрығымен.

1. Осы бұйрыққа қосымша берілген Қазақстанның Ұлттық Банкісінің жүйелік бөлімшелерінің, филиалдарының бюджет ұйымдарының жұмысшыларына еңбекақыны және басқа да ақшалай төлемдердің сомаларын олардың сақтық шоттарына немесе есеп-карталарына аудару және Қазақстанның Ұлттық Банкі арқылы бюджет ұйымдарына қолма-қол ақша төлеудің Уақытша ережесі 1997 жылдың 15 қарашасынан бастап күшіне енсін.

2. Қазынашылық Департаментіне 1997 жылдың 31 желтоқсанына дейін аяқталуы көзделген бюджет ұйымдарына еңбекақы төлеудің жаңа формаларына көшу жөніндегі ұйымдастыру шараларын және Қазақстанның Ұлттық Банкі арқылы Қазынашылық атаулы чекпен қамтамасыз ету тапсырылсын:

- Алматы қаласының бюджеттен қаржыландырылатын бюджет ұйымдарын еңбекақы төлеудің жаңа формаларына көшіру;
- Қазақстанның Ұлттық Банкінде Қазынашылықтың атаулы чектері арқылы Алматы қаласының бюджеттен қаржыландырылатын бюджет ұйымдарына қолма-қол ақша төлеуге көшіру.

3. Республикалық Ұлттық Банк республикалық бюджеттің есебінен қаржыландырылатын ұйымдардың қаржылары үшін Алматы қаласының аудандық бөлімшелерінде және ААББ-сына Қазынашылық органдарының ағымдағы (транзиттік) шоттарын ашып және онда Қазынашылықтың ағымдағы ( транзиттік) шоттарының қаржысын аудару жөнінде төлем құжаттарының

қазынашылық органдары тапсырған күні Қазақстанның Ұлттық Банкіндегі операциялардың уақытылы өтуін қамтамасыз етсін.

4. Қазынашылықтың Алматы қалалық және облыстық басқармалары Қазақстанның Ұлттық Банкінің филиалдарында қойылған қол үлгісі бар тапсырылған құжат бойынша ағымдағы (транзиттік) шоттар ашсын. Қазақстанның Ұлттық Банкі Қазынашылықтың ағымдағы (транзиттік) шоттарын жаңғырту үшін қаржының уақытылы аударылуын қамтамасыз етсін.

В и ц е - м и н и с т р

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің
1997 жылғы 7.10.
N 379 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

Бюджеттік ұйымдарға Қазақстанның ААҚ (Ашық Акционерлік Қоғам) Халықтық Жинақ банкісі арқылы қолма-қол ақшаларды берудің уақытша тәртібі (салымдар мен стипендиялар бойынша бет шоттарына есептелетін еңбекақылардан басқалары)

## 1. Жалпы бөлім

1.1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4-тамыздағы N 1214 P971214_ "Стипендияларды, еңбекақыларды және мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын ұйымдардағы басқа да ақшалай төлемдерді төлеудің нысанын өзгерту жөніндегі шаралар туралы" қаулысына сәйкес бюджеттік ұйымдарға облыстық, аймақтық, аудандық филиалдары және Қазақстанның ААҚ (Ашық Акционерлік Қоғам) Халықтық Жинақ Банкісінің филиалдары (одан әрі - Халықтық банк филиалы) жоқ аудан орталықтарындағы құрылымдық бөлімшелері арқылы қолма-қол ақшаны берудің негізгі операцияларын реттейтін осы тәртіп жасалды.

1.2. Уақытша тәртіп талап ету салымдары бойынша бет шоттарға есептелген еңбекақылардан және карта - шоттар арқылы алынатын стипендиялардан басқа

қолма-қол ақшаларды алуға, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бюджет есебінен немесе бюджеттен тыс көздерден ұсталатын барлық бюджеттік ұйымдарға қолданылады. Ерекше жағдайларда Қазынашылықтың облыстық, Алматы қалалық басқармалары бастықтарының жазбаша рұқсаты бойынша бұл тәртіп еңбекақылар мен стипендияларды төлеу кезінде қолма-қол ақша алу үшін пайдаланылуы мүмкін.

1.3. Халықтың Банктің елді мекендерде филиалдары немесе құрылымдық бөлімшелері болмаған жағдайда бұл тәртіп еңбекақылар мен стипендияларды төлеу үшін қолданылады.

1.4. Заңды тұлғалар мен тауар-материалдық байлықтарды алу және қызметтерді көрсету кезінде барлық есептер бюджеттік ұйымдармен тәртіпке сәйкес, қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша жүргізіледі.

1.5. Бюджеттік ұйымдар алған қолма-қол ақшалар нысаналы мақсат бойынша қатаң жұмсалуы керек.

1.6. Кассалық операцияларды жүргізу және бюджеттік ұйымдардың кассалардағы қолма-қол ақшаларының лимиті мен есептердегі қолма-қол ақшаларды пайдаланудың шекті сомаларын анықтау тәртібі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 8.09.1997 ж. N 298 V970385_ бұйрығымен бекітілген "Бюджеттік ұйымдардағы кассалық операцияларды енгізудің уақытша тәртібімен" айқындалған.

1.7. Халықтық банктің қаржылық қызмет көрсетуін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі орталықтандырып төлейді. Республика бюджеттік ұйымдарының нақтылы алған қолма-қол ақшалары үшін төленетін комиссиялық төлемдердің көлемін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мен Халықтық банк арасындағы Бас келісіммен айқындалады.

## 2. Бюджеттік ұйымдардың қолма-қол ақшаларды алу тәртібі

Ескерту. Бөлімнің атауы өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998.07.15. N 325 V980623_ бұйрығымен.

2.1. Ақша чектері бойынша операцияларды есептеу үшін Қазынашылықтың облыстық (Алматы қалалық) басқармалары мен аудандық бөлімдерінде, сондай-ақ Халықтық банктің филиалдарында аумақтық қазынашылық республикалық бюджет есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар үшін жеке қолма-қол ақшаның ағымдағы транзитті шоттары ашылады және жергілікті бюджет есебінен ұсталатын ұйымдар үшін олар Қазақстан Республикасы банктері мекемелерінің бухгалтерлік есеп Жоспарлық шоттарының "Бірыңғай Қазынашылық шотының" 889 балансстық шотында ашылады. (ҚР Ұлттық банкінің 06.08.1997 ж. N 24220/623 хаты негізінде).

Бұдан басқа, бюджеттен тыс шоттардан қолма-қол ақша төлеу бойынша Халықтық банкінің қызметі үшін Қазынашылықтың аумақтық органдарында, Бірыңғай Қазынашылық шот" 889 баланстық шотта қолма-қол ақшаның ағымдағы транзиттік шоты ашылады. Шоттың мақсаты бюджеттен тыс шоттардан қолма-қол ақшаны төлеу бойынша жүргізілген төлемдер үшін Халықтық банкінің қызметтерін төлеу шотына ақшаны жинақтау және Қазынашылықтық аумақтық органдарының Халықтық банкі қаржылық қызметінің құнын орталықтан төлеу болып табылады.

889 шоты бойынша бюджеттік ұйымдардың бюджеттен тыс көздерінен қолма-қол ақша беру үшін Халықтық банкінің қызметтерін төлеуге талдау есебі жүргізіледі.

Ескерту. 2.1.-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998.07.15. N 325 V980623_ бұйрығымен.

2.2. Халықтық банк филиалдарында ашылған қолма-қол ақшалардың ағымдағы транзиттік шоттарының ерекшелігі әрбір операциялық күн соңында транзиттік шот аумақтық қазынашылықтардан түскен қаражаттар есебінен жабу керектігі және бұл шоттың қалдығы операциялық күннің соңында ноль болуы керектігі болып табылады.

2.3. Қолма-қол ақшаны алушы - бюджеттік (120, 130, 132 және 724 шот) ұйым оларды нақтылы алуға бір күн қалғанда алдын ала бюджеттік сыныптаманың он таңбалы кодын көрсете отырып қолма-қол ақша алушының тегі, аты-жөні және әкесінің аты "Төлем мақсаты" текстік аумақта жазылған алынатын ақшаның шегі толтырылады Қазынашылықтың облыстық (Алматы қалалық) басқармалары мен аудандық бөлімдерінде қолма-қол ақшаның транзиттік шотына бюджеттік ( бюджеттен тыс) шоттың қаражаттарын аудара отырып алынатын соманы алу үшін төлемдік тапсырысқа әзірлейді. Республикалық бюджет есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар республикалық бағыныстағы ұйымдардың транзиттік шоттарына аударады, жергілікті бюджет есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар.

Бюджеттік ұйымдар бюджеттен тыс шоттардан қолма-қол ақша алған жағдайда "Төлемнің мақсаты" "N_____төлем тапсырысы бойынша Халықтық банкіне көрсетілген қаржылық қызметтер үшін сыйақылар" және шығындардың бюджеттік сыныбының 10 таңбалы кодының текстік аймағын көрсете отырып, бірдей қосымша төлем тапсырысын дайындайды, Қазынашылықтың тиісті органында ашылған 889 шотына Халықтық банкінің қаржылық қызметтері үшін сыйақыларды аударады.

Қазынашылықтың аумақтық органы бюджеттік ұйымдардың көрсеткен қызметтері тарифін жазбаша хабарлайды.

Ескерту. 2.3.-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998.07.15. N 325 V980623_ бұйрығымен.

2.4. Бір мезгілде, бюджеттік ұйым Халықтық банктегі ағымдағы транзиттік шоттан алу үшін тапсырыстағы алушының атына (есеп беретін адам) көрсетілген сомаға ақша чегін, оған қол қоймай толтырады. Бұл чек төлемдік тапсырысқа қосып жапсырылады. Бірнеше төлемдік тапсырысқа бір ақша чегі толтырылуы мүмкін. Чекте ерекшелікті көрсету талап етілмейді.

2.5. Аумақтық қазынашылықтың жауапты атқарушысы ұсынылған төлемдік тапсырыстарды бұл бюджеттік ұйымдардың бет шоттары бойынша АРМ-қазынашылықтағы ерекшелік шығыстарының сәйкестігі бойынша лимиттің бос қалдықтарындағы қолма-қол ақшаны тексереді. Егер, чектер мен төлемдік тапсырыстар дұрыс толтырылса және қолма-қол ақшаны алу үшін лимит жеткілікті болса қазынашылықтың жауапты атқарушысы тапсырыстық төлемнің келесі бетінің соңына қол қояды және оны орындалуы үшін Бюджеттік банкке береді. Одан кейін, операция бөлімінің жауапты атқарушысы ұйымдардың бет шоттарында қаражаттарда республикалық бағыныстағы ұйымдар үшін Бюджеттік банктегі қолма-қол ақшалардың транзиттік шотына (ішкі) аударады. Чек пен тапсырыстық төлемнің көшірмесі арнаулы тағайындалған атқарушыға беріледі (егер бұл қазынашылықтың аудандық бөлімшесі болмаса), ол құжаттарды журналда NN 2, 2-а-қосымша қосымша) және қолма-қол ақшаларды алу үшін ақша чектерінің реестрін әзірлейді (N 3 қосымша).

Ескерту. 2.5.-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998.07.15. N 325 V980623_ бұйрығымен.

2.6. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік ұйымдар толтырылған құжаттарды тапсырыс төлемдерімен және 2.3 және 2.4 тармақшаларға сәйкес толтырылған чектермен бірге Қазынашылықтың аумақтарына органдары ұсынады, онда оларды осы бюджеттік ұйымның бет шоттары бойынша жергілікті бюджеттің АРМ-қаржыгеріндегі бос қалдықтағы бар ақшаны тексереді. Егер, құжаттар дұрыс толтырылса және қолма-қол ақшаны алуға рұқсат етілсе Бюджеттік банктік жауапты атқарушысы тапсырыстық төлемнің келесі бетінің соңына қол қояды, бұл құжаттарды қабылдайды және арнаулы журналға (NN 2, 2-а қосымша), одан кейін қаражаттарды ұйымның бет шотынан жергілікті бағыныстағы ұйымдар үшін Бюджеттік банктегі қолма-қол ақшалардың транзиттік шотына (ішкі) аударады. Одан басқа Қазынашылық жауапты атқарушысы ақша чектерінің реестрін (N 3 қосымша) қазынашылыққа чектермен қоса сағат 14.00-ден кешіктірмей береді, одан кейін тексеріледі және қазынашылықтың мөрімен расталады.

Ескерту. 2.6.-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық

департаментінің 1998.07.15. N 325 V980623_ бұйрығымен.

2.7. Бюджеттік қаражаттар есебінен қолма-қол ақшаны алу үшін бюджеттік мекеме бюджеттен тыс шоттан ағымдағы транзиттік шотқа (889) 2.3, 2.4 тармақтарына сәйкес қаражаттарды аударуға арналған тапсырыстық төлемдерді әзірлейді және Қазынашылықтың атқарушысына соңғысы журналға және 2.6 тармаққа сәйкес реестрге енгізу үшін ұсынады.

Ескерту. 2.7.-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998.07.15. N 325 V980623_ бұйрығымен.

2.8. Бюджеттік ұйым өкілінің атына толтырылған ақша чектері Ұлттық банктің тиісті филиалдарына сағат 16.00-ге дейін ұсынады, одан кейін төленген төлемдерді республикалық және жергілікті бағыныстағы ұйымдар үшін жеке олардың реестрлерін (N 3 қосымша) толтырып ұсынады. Ақша чектерін төлеуге ұсынылатын реестрлер екі дана етіп толтырылады және аумақтық қазынашылық өкілінің құжатқа қолы қойылған және мөр бедерінің үлгісі енгізілген өкілетті адамы қол қояды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті немесе нотариалды мекемелер, Ұлттық банк филиалдарының транзитті шоттарының қолма-қол ақшаны жұмсауға арналған қол қою үлгісі мен құжаттарын қазынашылықтың облыстық, Алматы қалалық басқармалары Ұлттық банк филиалдарына ұсынады. Аумақтық қазынашылықтың жауапты атқарушыларының қол қою үлгісі мен құжаттарын қазынашылықтың облыстық басқармалары бекітеді.

Ескерту. 2.8.-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998.07.15. N 325 V980623_ бұйрығымен.

2.9. Бюджеттік мекемелерге қолма-қол ақшаны беру Ұлттық банктің филиалдары Алматы және Ақмола қалаларынан басқа банктердегі әрбір филиалға күн сайынғы лимиттің 100 000 теңге шегінде реестр мен чектер түскеннен кейін жүргізіледі. Алматы және Ақмола қалаларындағы банктердің филиалдары үшін күн сайынғы лимит 10 млн. теңге. Егер чектердің реестрлерінің сомалары жоғарыда аталған лимитте жоғары болса, онда қалған чектерге төлем тағайындалған лимиттен жоғары, реестр алынғаннан кейінгі екінші күні жүргізіледі.

Ұлттық банктің филиалдары жергілікті уақыт бойынша сағат 9.00-ден 12.00-ге дейін бюджеттік ұйымның кассиріне немесе оның орнындағы, атына ақша чегі жазылған адамға қолма-қол ақшаны тікелей беруді жүргізеді. Сағат 14.30-да Ұлттық банктің филиалдарының жауапты атқарушылары аумақтық қазынашылыққа шоттың әрбір транзиті бойынша жеке төленген чектердің реестрлерін (N 4 қосымша) ұсынады және аумақтық қазынашылықтың жауапты атқарушыларына қол қоюға береді. Ақша чегі Ұлттық банк филиалдарының төлеуі үшін 10 күн ішінде күшінде болады. Егер, ақша чектерінде қандай да бір

дәлсіздіктер аныкталған жағдайда мұндай чектер реестрдің екінші данасында қайтару себептері көрсетіліп, тиісті белгі қойылып, аумақтық қазынашылыққа қ а й т а р ы л а д ы .

2.10. Қазынашылықтың аумақтық органдары қазынашылықтың ақша чектерінің реестрлері бойынша төленген чектердің реестрлерін Ұлттық банктің ұсынған филиалдары тексереді және жергілікті уақыт бойынша сағат 16.00-ге дейін операция бөлімінің жауапты атқарушысы Ұлттық банктегі ағымдағы транзиттік шоттағы қолма-қол ақшаларды (889) жабу үшін реестрде көрсетілген төленген чектердің тапсырыстық төлемдерін ұсынуды қамтамасыз етуге міндетті . Аумақтық қазынашылық операция бөлімінің жауапты атқарушысы тапсырыстық төлемдердің уақытылы ұсынылуына және тапсырыстық реквизиттерінің толтырылуының дұрыстығына жауап береді.

Ескерту. 2.10.-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998.07.15. N 325 V980623_ бұйрығымен.

2.11. Аумақтық қазынашылық Ұлттық банк филиалдарындағы қолма-қол ақшалардың ағымдағы шоттарға қаражаттарды есептеу бойынша тапсырыстық төлемдердің өтуін қабылдауға міндетті, Қазынашылықтың төлем құжаттарын және Ұлттық банктің төленген чектердің реестрлерін уақтылы ұсынған жағдайында сол банк күні ағымдағы транзиттік шот (889) бойынша операциялардың өткені үшін жауап береді. Ұлттық банктің коршотына аумақтық қазынашылықтың кінәсі бойынша қаражаттар түспеген жағдайда соңғысы қарыз ақша шотына түспегендерге жатқызылып, несиелік ресурстар ретінде, бас келісімде айқындалғанында бұл сомада процентгер есептеледі.

Ағымдағы (889) шотқа қаражаттарды уақытылы алмаған әрбір фактіні Ұлттық банк ерікті нысандағы актілермен толтырады (4 данада) және банктің филиалында тиісті Қазынашылықта қол қойылады. Актінің бір данасы аумақтық Қазынашылықта қалады, актінің екі данасы Қазынашылықтың облыстық басқармасына ұсынылады. Айыппұл санкцияларын төлеуді Қаржы министрлігі бір мезгілде банктің қаржылық қызмет көрсетулерін төлей отырып жүргізеді.

Ескерту. 2.11.-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998.07.15. N 325 V980623_ бұйрығымен.

2.12. Аумақтық қазынашылықтың жауапты атқарушысы Ұлттық банктің 889 шотына қаражаттарды аударғаннан кейін нақтылы төленген чектер туралы республика немесе жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын ұйымдар бойынша чектерді тіркеудің журналына белгі жасайды (N 2 қосымшаның 9-12-бағандары, N 2-а қосымша 12-15-бағаналар).

Ескерту. 2.12.-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998.07.15. N 325 V980623_ бұйрығымен.

2.13. Төленбеген чектер бойынша қалдықтардың тіркеу журналында

есептелетін сома қолма-қол ақшаға тиісті транзиттік шоттағы (889) қолма-қол ақша тең болуы керек.

Ескерту. 2.13.-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998.07.15. N 325 V980623_ бұйрығымен.

2.14. Егер, бюджеттік ұйым он күн ішінде қолма-қол ақшаны алмаса, онда осы бюджеттік ұйымның арызы бойынша аумақтық қазынашылық Ұлттық банктің филиалына чекті жазбаша қайтарып алады және оны алғаннан кейін транзиттік шоттан (ішкі) тапсырыстық төлемдерді бюджеттік ұйымдардың шотына бюджеттік сыныптаманың он таңбалы кодын көрсете отырып аударуды жүргізеді. Одан басқа, тапсырыстық төлемдегі "Төлемнің мақсаты" мәтіндік бос орынға: "____"____________ N__________ чек бойынша алынбаған қолма-қол ақшаны қайтаруға" деп көрсетіледі. Тапсырыстық төлемге қазынашылықтың чек N және күні көрсетілген тиісті белгісі жасалып арызға қоса жапсырылады. Қазынашылық бұл чекті "Жабылған" деген белгімен іс қағазына тігеді және чектерді тіркеу журналында белгі жасайды.

Ескерту. 2.14.-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998.07.15. N 325 V980623_ бұйрығымен.

2.15. Чек бойынша қолма-қол ақша алған бюджеттік ұйымдар сол күні кіріс кассалық ордерін толтырады. Қолма-қол ақшаны алу үшін аумақтық қазынашылықтың транзиттік шотына қаржыларды аудару кезінде бухгалтерлік жазба жазылады: Дт 178 "Басқа дебиторлармен және несиешілермен есептер" Кт 090, 100, 110, 111, 112.

Чек бойынша қолма-қол ақша алу кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жазылады: Дт 120 "Касса" Кт 178 "Басқа дебиторлармен және несиешілермен есептер".

Ескерту. 2.15.-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998.07.15. N 325 V980623_ бұйрығымен.

2.16. Чек кітапшаларын орталықтандырылған аумақтық қазынашылық Ұлттық банктің тиісті филиалдарынан, оларға бюджеттік ұйымдар алдын ала төлем жасағаннан кейін, сатып алады және соңғысына қол қойғызып және соңғы белгіленген нысан бойынша банк филиалына ұсынып, бюджеттік ұйымдар шегінде бланк-чектер реестріне оларды енгізе отырып сенімхат бойынша береді. Чек кітапшалары бланкілерінің есебі қатаң есептеме үшін белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

2.17. Қазынашылықтың аумақтық органдары ай сайын есеп берудің соңынан айдың 2-күнінде Халықтық банкі арқылы төленген шек бойынша бюджеттен тыс шоттардан (N 2-а қосымшасы) қолма-қол ақшаны алуға шектерді тіркеу журналының дерегі бойынша соманы санайды (6-бағана) және соңғы көрсетілген реквизиттер бойынша Халықтық банктің филиалдары қаржы қызметтерін

көрсеткені үшін сыйақылары аударуды жүргізеді. Сонымен Қазынашылықтың аумақтық органдары екі төлем тапсырмасын дайындауға тиіс (республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен ұсталатын ұйымдар бойынша жеке). Қазынашылықтың аумақтық органдары бюджеттік ұйымдардың қызметінің бюджеттен тыс қаржы есебінен қолма-қол ақша төлеу бойынша Халықтық банктің филиалдары көрсеткен қызметтер үшін (889) шоттағы жинақталған қаржының толық көлемінде уақытында аударылуы үшін жауап береді.

Есепті кезеңнен кейінгі айдың жетінші күніне дейін ай сайын аумақтық қазынашылық республикалық және жеке жергілікті бюджетті тұратын бюджеттік ұйымдардың есепті ай ішінде алған қолма-қол ақшаларының сомалары бойынша Халықтық банктің филиалдарымен салыстыру жүргізеді. Салыстырудың нәтижелері Халықтық банктің филиалдарымен бірлесе отырып толтырылады (N 5 қосымшаға сәйкес 4 данада). Актінің бір данасы Қазынашылықтың аумақтық басқармасында қалады, актінің екі данасы Қазынашылықтың облыстық басқармасына ұсынылады.

Ескерту. 2.17.-тармақ бірінші абзацпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998.07.15. N 325 V980623_ бұйрығымен.

2.18. Қазынашылықтың облыстық басқармасы Халықтық банкке уақытылы аударылмаған сомалар бойынша және республикалық және жеке жергілікті бюджеттерде тұратын бюджеттік ұйымдардың есепті ай ішіндегі чектері бойынша алынған қолма-қол ақшалардың сомалары туралы салыстырмалардың жиынтық актілерін (N 5 қосымша) жасайды және оны есепті айдан кейінгі айдың 10 күніне дейін ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаментіне ұсынады.

2.19. Бюджеттік ұйымдар, қажет болған жағдайда, Қазынашылықтың аумақтық органдарында қолма-қол ақшалардың қалдықтарын өздерінің бюджеттік шотына (120 және 130, 132 және 724, сондай-ақ және бюджеттен тыс 141, 142, 144) Халықтық банктің филиалдары арқылы, қайтарылатын қаражаттарды бюджеттік сыныптаманың он таңбалы кодының қолма-қол ақшаларды жарнаға хабарландыруға міндетті түрде көрсете отырып өздерінің кассалық шығыстарын қалпына келтіру үшін кассаға тапсыра алады.

Ескерту. 2.19.-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998.07.15. N 325

V980623_

бұйрығымен.

ҚР Қаржы министрлігі
Қазынашылық
департаментінің директоры

Қазынашылық департаменті
бухгалтерлік есеп пен есептеме
басқармасының бастығы

Келісілді:

ААҚ (Ашық Акционерлік Қоғам) Ұлттық
Жинақ банкі

Халықтық банк Басқармасы
төрағасының бірінші
орынбасары

Халықтық банктің Жедел
жұмыстар департаментінің
директоры

Бюджеттік ұйымдармен

қолма-қол ақша алуының
уақытша тәртібіне N 1 қосымша
Бұйрық__________ N___________

Мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын бюджеттік

ұйымдардың Банк-Агенттен қолма-қол ақша алу үшін

операциялардан өту
КЕСТЕСІ

(ҚР Үкіметінің 1997 жылғы 4 тамыздағы N 1214
"Қазақстанның ААҚ (Ашық Акционерлік Қоғам) Халықтық
жинақ банктің филиалдары арқылы төлемдер")

Қазынашылықтың аумақтық органдарында мен
Банк-Агенттің филиалдарында
Республикалық бюджет және жергілікті
бюджет бойынша (N 889 шот)
операциялар үшін қолма-қол транзит
шоттары ашылады

Ескерту. Сөздер өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998.07.15. N 325

V980623_

бұйрығымен.

1. Қазынашылықтағы қолма-қол транзит шоттың Банк-Агенттегі, Банк-Агенттің күн ішінде Қазынашылықтың несиелейтіндігі, бірақ әр банк күнінің аяғында нақты төленген чек бойынша Қазынашылық бұл соманы Банк-Агентке қайтарады.

2. Бюджеттік ұйым ақшалай алуға төлем тапсырыстарын (1 тәулік) бұрын тапсырды, ерекшеліктері бойынша қазынашылықтың ішінде қаржы қолма-қол транзит шотқа (889) аударылады.

3. Қазынашылық органдары жұмыс күні сағат 16-ға дейін Банк-Агентке келесі күні ақша алу үшін реестрді және толтырылған чектерді тапсырады.

4. Халықтық банктің филиалдары реестр және чек түскеннен кейінгі күні күндік лимиттің шегінде банктің әр филиалына 100000 теңгеден Алматы қаласынан (Ақмоладан) басқа бюджет ұйымдарына қолма-қол ақша береді.

Алматы және Ақмола қалаларының банк филиалдары үшін күндік лимит 10 млн. теңге.

Егер чектердің реестр сомасы жоғарыда аталған лимиттерден асып кетсе, онда қалған чектерді төлеу реестрдің алғаннан кейін екінші банк күні жүргізіледі .

5. Қазынашылықтан түскен чектер бойынша Банк-Агент жергілікті уақытпен 9-13-тің аралығында бюджет ұйымдарына ақша босатады.

6. Банк-Агент төлеген чектердің реестрін жасап, оның төлеу үшін сағат 14.30-ға дейін қазынашылыққа тапсырады.

7. Қазынашылық 16.00-ға дейін төленген нақты чектер бойынша тапсырыс

төлемін дайындайды, оның өтуін қадағалайды. Әр банк күннің соңында Банк-Агентте транзит шотындағы ақша (889) нолге тең болуы керек. Төлем құжаттарын тапсырғанда 889 шоты бойынша сол операция күні өткен операцияларға жауап береді.

Ескерту. 7 және 8-тармақтар біріктірілді және өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998.07.15. N 325

V980623_

бұйрығымен.

9. Басты келісімге сәйкес Банк-Агенттің қаржы қызметі Қаржымин-нен орталықтандырылып төленеді.

```
  ___________________________          Б.ұйым
 |    Қаржы жүйесінің     |--------------
 |        барлық          |            |  Б.ұйым
 |      деңгейлері        |--------------------
 |   Транзиттік шот       |            |     |  Б.ұйым
 |         (899)          |---------------------------
 |___________________________|          |     |     |
   |       (899)       |             |     |     |
   |         |         |             |     |     |
   |         |         |             |     |     |
 _____|         |         |_____          |     |     |
 |            |            |         |     |     |
```

|             |             |         |     |     |

1) төлеуге  2) реестр және   3) төленген      |     |     |
реестр және    төленген        чектердің     |     |     |
чектер        чектер          сомасына      |     |     |
|             |                       |     |     |
|             |        бір тапсырыс     |     |     |
|             |        төлемі          |     |     |
|             |          |           |     |     |
|--------------

Банк-Агент
Транзит шоты
(899)                           әр Б. ұйым қолма-қол
ақша алуға келеді

Қолма-қол
ақша үшін
Қазынашылық
Қазынашылық
қолдарының
үлгілері

Тәртіпке N 2-қосымша

___________________________          _______________
Бюджеттің атауы                              ____ N ____

Қолма қол ақшаны алуға
арналған чектерді
тіркеу журналы
Күні____________1997 ж.

-----------------------------------------------------------------------
Қолма қол ақша алуға      !      Чектердің қозғалысы          ! Жауапты
аударым           !-----------------------------------!орындауш.
!      Чек берілді    !  Чек төленді  !  қолы
-----------------------------------------------------------------

```
Бюджет.!Ұйым.!Сома.!Тапсы.!Чек!Реестр!Сома.!Қолма!Күні!Реестр!Сома.!
тік    !ның  !сы   !рыс   ! N !  N   !сы,  !қол  !    !  N   !сы,  !
ұйымның!коды !теңге!төле. !   !      !теңге!ақша.!    !      !теңге!
атауы  !     !     !мінің !   !      !      !ны  !    !      !     !
       !     !     ! N    !   !      !      !алушы.   !      !     !
       !     !     !      !   !      !      !ның !    !      !     !
       !     !     !      !   !      !      !қолы !   !      !     !
------------------------------------------------------------------------
   1   !  2  !  3  !  4   ! 5 !  6   !  7   ! 8  ! 9  !  10  !  11 !  12
------------------------------------------------------------------------
       !     !     !      !   !      !      !    !    !      !     !
       !     !     !      !   !      !      !    !    !      !     !
       !     !     !      !   !      !      !    !    !      !     !
Жиыны  !  x  !     !  x   ! x !  x   !      ! x  ! x  !  x   !     !  x
------------------------------------------------------------------------
```

Төленбеген чек сомасының қалдығы:
Сол күнгі ___________________
Жыл басынан бері ___________

_____________________________ _____________________________

Жауапты орындаушының қолы Қолының толық жазылуы

Ескерту. N 2-а қосымшасымен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі
Қазынашылық департаментінің 1998.07.15. N 325

V980623_

бұйрығымен.

Тәртіпке
2-а-қосымша

_____________________________
Бюджеттің атауы

_________________
_________________

Бюджеттен тыс шоттардан қолма-қол
ақша алу үшін чектерді тіркеу Күні_____199__ж.
ЖУРНАЛЫ

| Қолма-қол ақша алу үшін аударым | | | | Халықтық банкінің қаржылық қызметтері үшін сыйақы | | Чектердің қозғалысы | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Чек жазылды | | |
| Бюджеттік ұйымның атауы | Ұйымның коды | шот N-і | Сомасы теңге | Төлем сыры. теңге | Сомасы теңге | Төлем тапсырысының N-і | Чек N-і | реестр N-і |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | | | | | | |
| Барлығы | | | | | | | | |

| Чек төленді | | | | | Жауапты орындаушының қолы |
|---|---|---|---|---|---|
| Сомасы, теңге | Қолма-қол ақша алушының тегі, аты-жөні | Күні | реестр N-і | Сомасы теңге | |
| 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| | | | | | |
| Барлығы | | | | | |

|_________|_____________________|________|_______|_________|___________|

Сомадағы чекпен төленбеген қалдық:

осы күн ішіндегі__________________

жыл басынан_______________________

_____________________
Жауапты орындаушының қолы

________________________
Қолды анықтау

Тәртіпке N 3-қосымша

Бюджет ұйымдарына
қолма-қол ақша алу үшін
N _______ чектің реестрі

Күні _______1997 ж.

__________________________ _______________________________
Қазынашылықтың атауы ААҚ (Ашық Акционерлік Қоғам)
Халықтың жинақ
банктің филиалы

| Ұйымның толық атауы | Ұйымның коды | Төлеу үшін чектің нөмірі | Сомасы, теңге |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| Жиыны | | | |

__________________________________________________________
санмен сөзбен

сомада қолма қол ақшаны төлеуге реестр бойынша _________ чек берілген
саны

Қазынашылықтың бастығы _________________
М.О.
Орындаушы _________________

Төлеу үшін чектің реестрі қабылданды _______________________
ААҚ (Ашық Акционерлік Қоғам)
Халықтық жинақ банктің
жауапты орындаушысы

Тәртіпке N 4-қосымша

ААҚ (Ашық Акционерлік Қоғам) Халықтық жинақ банк төлеген чектердің
Реестрі

_______________________________
Банк филиалының атауы

Күні____________

| Ұйымның атауы | Ұйымның коды | Чек N | Сомасы, теңге | Қазынашылық реестрінің күні және N |
| --- | --- | --- | --- | --- |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| Жиыны | | | | |

Осы реестр бойынша _____________________________________сомада
санмен жазумен
____________________ чек төленді
саны

Халықтық банк

М.О.        филиалының бастығы____________________

Орындаушы  _______________________

Төленген чектердің реестрі              N _______ тапсырыс төлемімен
қабылданды                              аударылды
___________________________________             Күні ___________
Қазынашылықтың жауапты орындаушысы

Күні ___________

5 қосымша

Ескерту. N 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі
Қазынашылық департаментінің 1998.07.15. N 325

V980623_

бұйрығымен.

N_____ ______________

199__ж.______________арналған уақтылы аударылмаған қаражаттар туралы
деректер және Халықтық банктің филиалдары арқылы чектер бойынша
бюджеттік ұйымдарға қолма-қол ақша берудің салыстырып тексеру
актісі

_____________________________________________________________________________
| Қазынашылықтың атауы |
|_____________________________________________________________________________|
| N |          |  Чектер  |   Халықтық банкке      | Қаржылық |
|р/с|          | бойынша  |     қазынашылық        |  қызмет  |
|   |          | төленген | органдарының уақтылы   |көрсетулері
|   |          |қаражаттар|аудармаған қаражаттары  |    үшін  |
|   |          |          |туралы деректер(айыппұл |  Халықтық|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | санкцияларын есептеу үшін) | | банкке аумақтық қазынашылық органдары төледі |
| | | | Күн саны | Сома (теңгемен) | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Республикалық бюджетте тұратын бюджеттік ұйымдар бойынша, Барлығы: | | | | |
| | оның ішінде: | | | | |
| | а) қалаларда орналасқан бюджеттік ұйымдар бойынша | | | | |
| | б) ауылдық жерлерде орналасқан бюджеттік ұйымдар бойынша | | | | |
| 2. | Жергілікті бюджетте тұрған бюджеттік бойынша, Барлығы: | | | | |
| | оның ішінде : | | | | |
| | а) қалаларда орналасқан бюджеттік ұйымдар бойынша | | | | |
| | б) ауылдық жерлерде орналасқан бюджеттік ұйымдар бойынша | | | | |
| | ЖИЫНЫ | | | | |

Қаржылық қызмет көрсетулердің сомасы Ресімделген актің (1а-жол+2а-жол)*0,35% + (1б-жол + 2-б)*0,4%-6т._______мың теңгені құрады.

уақыты мен нөмірі (айыппұл санкц. б-ша)

______________________

______________________

Аумақтық Қазынашылық органы бастығының қолы

Халықтық Банктің жауапты тұлғасының қолы

______________________

__________________

МО МО

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК